Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 12 қараша 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша мұнай тасымалдау көлемін ұлғайтты

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың 10 айындағы өндірістік қызметінің қорытындысын шығарды. Есепті кезеңде компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы жеке тасымалданған мұнай көлемі 38 млн 306 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 млн 323 мың тоннаға артық.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына 15 млн 522 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 643 мың тоннаға артық. Оның ішінде:

- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС – 4 млн 576 мың тонна;
- «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС – 4 млн 762 мың тонна;
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС – 5 млн 424 мың тонна;
- «CASPI BITUM» БК» ЖШС – 760 мың тонна.

«Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі арқылы 2026 жылдың 10 айында 8 млн 373 мың тонна мұнай тасымалданды. Оның ішінде Новороссийск порты бағытына 3 млн 723 мың тонна, Усть-Луга порты бағытына 1 млн 958 мың тонна мұнай жөнелтілді.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ТОН-2 мұнай құбыры учаскесі арқылы 10 млн 214 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 450 мың тоннаға артық.

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ жүйесіне мұнай тапсыру көлемі 3 млн 878 мың тоннаны құрады. Бұл 2025 жылғы көрсеткіштен 897 мың тоннаға артық.

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың Ақтау портындағы қуаттары арқылы танкерлерге 2 млн 922 мың тонна мұнай тиелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 288 мың тоннаға артық. Оның ішінде 1 млн 321мың тонна мұнай Баку – Тбилиси – Джейхан мұнай құбыры бағытына жөнелтілді.

2026 жылдың 10 айында Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзит бағытымен 81 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл өткен жылдың

сәйкес кезеңімен салыстырғанда 77 мың тоннаға артық. Қырғыз Республикасына транзит бағытымен 60 мың тонна мұнай тасымалданды.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдаудың жүк айналымы 29 млрд 781 млн тонна-километрді құрады. Бұл 2025 жылдың 10 айындағы көрсеткіштен 136 млн тонна-километрге артық.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі